

Хаттама №1
Бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ отырысы
«Айдабол ауылының ЖОББМ» КММ

Күні: 27.08.2022 ж
Барлығы: 10
Қатысканы 10
Қатыспағаны: 0

Айдабол ауылы

Жиынның күн тәртібі:

1. 2022-2023 оқу жылында бастауыш сынып әдістеме бірлестігіндегі жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.
2. «2022-2023 оқу жылында ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарындағы ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен, пәндердің оқытылу ерекшеліктері, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу. Бірлестік жылдық жоспарымен таныстыру, мемлекеттік стандартқа сай тақырыптық-күнтізбелік жоспар құру, талдау, түзетулер енгізу.
3. Күнтізбелік жоспарларын тексеру, бекіту
4. Мотивациясы жоғары және төмен оқушылармен жұмыс жоспарын құру.
5. Әртүрлі

Отырыс барысы:

Бірінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістеме жетекшісісі А.О. Мукушева сөз алып, өз сөзінде 2022-2023 оқу жылының атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Әдістемелік бірлестік отырыстарының хаттамалары отырыс жоспарларымен сәйкес мазмұнды жазылып, отырыс хаттамаларында күн тәртібінде қойылған мәселелер толық қаралды.

Екінші мәселе бойынша сынып мұғалімдерін «2022-2023 оқу жылында ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарындағы ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен, пәндердің оқытылу ерекшеліктері, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен таныстырылды. Бірлестік жылдық жоспарымен таныстыру, мемлекеттік стандартқа сай тақырыптық-күнтізбелік жоспар құру, талдау, түзетулер енгізілді. Биылғы 2022-2023 оқу жылында 10 бастауыш сынып мұғалімі жұмыс жасайды. Әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарлары құрылып, барлық мұғалім жұмыс бағытымен таныстырылды. Биылғы оқу жылында құжаттар электронды форматта сақталатындықтан, КІЖ, дарынды оқушылармен жұмыс жоспары, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, Тәрбие жоспарына титул жасалып, мектеп директорымен бекітіліп, электронды түрде сақталады.

Сонымен қатар, 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысып, талдау жұмыстары жүргізілді.

Үшінші мәселе бойынша бастауыш әдістеме жетекшісісі А.О. Мукушева мұғалімдерге Күнтізбелік жоспарларын тексеру, бекітілу бойынша ережелерімен таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша Мотивациясы жоғары және төмен оқушылармен жұмыс жоспарын құру бойынша Бастауыш сынып мұғалімдері өз жеке жоспарларын ұсынды.

Басқа мәселелер бойынша сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге де назар аудару ұсынылды.

Ұсыныс:

1. 2022-2023 оқу жылына арналған құжаттар уақытылы бекітілсін.
2. Әдістеме нұсқау хат негізінде жұмыс жүргізілсін.

ӘБ жетекшісі А.О.Мукушева

Хатшы А.Б.Тлеубаева